



МАДАҚТАМА ГРАМОТА

Заманауи білім берудің халықаралық деңгейіне құлашымызды кең жайып, әлем халықтарымен білімнің шексіз мұхитында өзгелермен үзеңгі қағыстырып қатар жүруі үшін ұдайы ізденіспен, елгезектік танытып, жаңалық атаулыны тез игеріп, ғылым мен педагогикалық тәжірибе жетістіктерін байланыстырып, педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту, жаңашыл үрдістерді меңгерту жолындағы өнегелі істерге қосқан үлесі үшін

Каримова Феруза Фаритовна
марапатталады

«Педагогикалық шеберлік»
журналының бас редакторы



Н. Кудаченко

Тіркеу №069 (05)/2023



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

«ӨРЛЕУ» БАҰО АҚ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ
ҚАЛАСЫ БОЙЫНША КӘСІБИ ДАМУ ИНСТИТУТ ФИЛИАЛЫ



МАДАҚТАМА

Шығармашылық ізденістері мен қол жеткізген
кәсіби табыстары және білім беру жүйесін
дамытуға қосқан үлесі үшін

Түркістан облысы, Келес ауданы


№2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі

КАРИМОВА ФЕРУЗА ФАРИТОВНА

марапатталады

№ 2032

Шымкент, 2023



А. Ш. Исмаилова, директор

АЛҒЫС ХАТ БЛАГОДАРСТВЕННОЕ ПИСЬМО




Қазақстанда білім беру мен тәрбие үдерісіне инновациялық қызметті енгізу арқылы білім сапасын арттыруға, білім алушылардың шығармашылық әлеуетін, интеллектуалды қабілетін дамыту мен келер ұрпақ бойына үлкен азаматтық жауапкершілік пен Отаншылдық сезімін қалыптастыруға қосқан зор үлесі үшін

Каримова Феруза Фаритовнаға

шынайы алғысымызды білдіреміз!

«Педагогикалық шеберлік»
журналының бас редакторы



Н. Кузьменко

Тіркеу № A1374 /2023



ТОО
8&8
ЖШС



Телерайон № 3113-22

Ө.Жәнібеков атындағы №2 мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі
Түркістан облысы, Келес ауданы

Каримова Феруза Фаритовна

Түркістан облысы, Келес ауданы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА АҚПАРАТТЫ КОММУНИКАТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Осыған орай бүгінгі қиялын, сезімдерін, ерік-жігерлерін, яғни жан-жақты, азат, шығармашыл, өз бетімен жұмыс жасай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту міндеттері де тұр.

Бастауыш сыныпта ақпараттық технологияларды сабақта пайдаланудың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының АКТ-ға қызығушылықтары өте басым болғандықтан визуальды қабылдаулары өте жоғары еске сақталады.

Пәнді оқыту барысында АКТ-ны тиімді қолдану дегеніміз не?

Пәндік білім — оқытылатын пәннің өзекті білімдері. Белгілі бір пәнді оқыту барысында тек пән мазмұнын жан-жақты білу мұғалімнің біліктілігін және оқушылардың оқу нәтижелілігіне кепілдік бермейді. Осы ретте, мұғалімнің біліктілігі педагогикалық білімдерді дамыту қажеттігін көрсетеді. Педагогикалық білім дегеніміз-білім берудің жалпы негіздерін, оқыту мақсаты мен міндеттерін білуге негізделетін оқу мен оқыту үдерістері, тәжірибесі мен әдістері туралы терең білімділік.

Технологиялық білім- оқытудың қосалқы құралдары туралы білім.

Осы үш білімнің қилысуы Технологиялық, педагогикалық және мазмұндық білімді береді. Осы тәсілді алғаш рет 2006 жылы Мишра мен Келер қарастырды, олардың айтуынша, егер жаңа технология оқуды жақсарту жағына өзгертуге қабілетті болуға тиіс болса, онда жоспарлау үдерісі пәннің ерекше білімдерін оқушылар қалай түсінетінін біле отырып, осы білімдердің ықпалдасуын қамтуы керек.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор деп білемін.

Қазіргі заман талабы оқушыларды бастауыш сыныптан бастап, ақпаратты коммуникативті технологиясын пайдаланудың тиімділігімен таныстыру керек. Ол үшін ұстаз компьютерлік технологияларды жетік меңгеруі керек.

Мен қызмет атқаратын ауыл мектебінде желі жақсы жұмыс жасайтындықтан жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндігі мол. Мектеп кабинеттерінде интерактивті такта орнатылған. Сондықтан бұл тактамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, smk.edu.kz, [bilim land](http://bilim.land) сайтындағы интерактивті сабақтар жинағын қолдануды жоспарлаймын.

Жаратылыстану, дүниетану пәндерінен бақылау жүргізгенде телефондарға түсіру тапсырылады. Бұл оқушының бақылау арқылы зерттеу жұмыстарына белсенділігі артқанын байқатады.

«Жануарлардың алуан түрлілігі» тақырыбындағы сабағымда оқушылар топта ұжымдаса отырып, бірнеше жануарлардың суреттерін фотоға түсіріп, жануарлардың айырмашылығы мен ұқсастығын бақылап, нәтижелерін қорытындылап айта білді.

Ауылдық жерде тұрғандықтан оқушыларымыздың көбі үйінде үй жануарын ұстайды. Сондықтан бақылау-зерттеу жүргізген кезде оқушылар белсенді кірісіп, нәтиже шығара білді. Оқушылардың түсіру, зерттеу кезіндегі өздері атқарған жұмыстары қызығушылықтарын туғызып, табиғатқа, үй жануарларына деген сүйіспеншіліктерін арттыра түсті.

Бастауыш сыныптарды оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері өте мол. Мәселен, 3-4 сыныптарда әдебиеттік оқу пәні бойынша оқушыларға әуелі слайд көрсету арқылы өлең авторының өмір жолымен таныстырып, осы өлеңнің шығу тарихына ерекше тоқталып, мазмұнын меңгертіп, тапсырмаларды орындатамын. Әрі қарай оқушы автордың өмірбаяны туралы мәліметтерді интернеттен іздеп, тауып, жинақтап өз білімдерін толықтырады. Үй тапсырмасы ретінде шығармашылыққа қабілетті балаларға, сол әңгіме немесе шығармаға байланысты презентация жасап әкеліп, келесі сабақта интерактивті такта арқылы сыныпқа көрсетуге тапсырмалар беріп отырамын.